

«Ұлт тәрбиесі-ұлт болашағы»

(Ата-аналарға арналған кеңестер)




Әже тәрбиесі.




Әже -
баланың
әкесінің,
сондай-ақ,
анасының
шешесін
атайтын,
туыстық
қатынасты
білдіретін

атау. Одан арғылары үлкен әже немесе ұлы әже деп аталады. Қазақ отбасындағы әже орны ерекше әрі қадірлі. Әже - отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын- абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі Қазақ қоғамында әдетте жас отау иелерінің тұңғыш баласын әжесі бауырына салады. Бала ата-әженің кенжесі саналып, немерені әжесі тәрбиелеп, бағып-қағады. Әже мен немере арасындағы туыстық байланыс өте нәзік әрі берік. Балажан қазақ үшін ата мен әжеге жас сәби жай ғана ермек емес, тәрбиеленуші ерекше субъект. Тарихта күллі рулы елге ана болып саналған Айпара әже, Домалақ ене, Зере, Айғаным секілді әжелердің бейнесі аңыз-әңгімелерде, әдеби шығармаларда сомдалған.



Алдымен әже тәрбиесі арқылы бала жақсы-жаманды ажыратып, үлкен-кішіні тани бастайды. Мінез-құлық, тіл тәрбиесі қалыптасып, бала үй шаруасына бейім, елгезек тілалғыш, мейірімді болып өседі. Әженің алдын көрген балаға былайғы жұрт тәрбиелі бала деп баға береді. Әже тәрбиесі көбіне «олай істеме, былай істе», «бүйтсең жаман, өйтсең жақсы» деген вербалды сипатта, ақылгөйлік мазмұнда болып, әженің мейірімі мен жүрек жылуына бөленіп өседі. Осылайша жас бала қазақы ортадағы моральдық-этикалық нормалармен таныса отырып, адами тұлғаның қалыптасуына ғана емес, дәстүрлі ырым-тыйымдар жүйесінің қағидаттарын біртіндеп бойына сіңіре бастайды. Жеті-тоғыз жастан әрі қарай тұңғыш немере ұлдың тәрбиесі атасының қолына өтеді, Ал қыз немеренің негізгі тәрбиесі әженің қарамағында болады.



Бұл кездегі тәрбиенің мазмұны атаға ілесе жүріп, көрген-білгенін көңілге тоқудан құралады. Атасына ілескен бала алыс жерлерді, ел жақсыларын, сыйлы ауылдарды көріп, жиын-тойға т.б. қатысып, соларды ұғынуға, білуге тырысады. Атаның «визуалды» тәрбиесінен өткен баланы былайғы жұрт көргенді бала деп атайды. Қазақ паремеологизмі Атың бар да жер таны желіп жүріп, атаң барда ел таны еріп жүріп деп кеңес береді. Ел тану, жер тану көргенділікке жатады. Қазақтың дәстүрлі бала тәрбиесінде көргенділік тәрбиенің ең жоғарғы формасы болып табылады. Әже мен атадан тәлім алған немеренің рухани жағынан тәрбиелі, көргенді азамат болып, ержетуінің, елдің аузына ілігер көшелі азамат болып қалыптасуының негізі осылайша қаланады.

Әке тәрбиесі.


Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне аса бір сыни көзбен қараған. Бала оң-солын тани бастасымен ата-ананың, достарының, араласатын ортасына қарап жеке тұлға қалыптасады. Ананың



аялы
алақанымен
қатар әкенің де
бала тәрбиесіне
аса зор
ықыласпен,
айрықша ынта-
жігермен ат
салысу керек.
«Ана көрген тон
пішер, әке көрген
оқ жонар»
демекші ер бала

әкесінің іс-әрекеті, мінез-құлқына қарап еліктей бастайды. Сондықтан, мейлінше уақыт тауып, сәби кезінде түрлі ойындарды бірге ойнап, есейгенде баланың ішкі жан дүниесіне үңіле отырып, сырласар жақын досы бола білсе нұр үстіне нұр болар еді.

Сын түзелмей, мін түзелмейді, сондықтан әрдайым баласының игі істерімен жеткен табыстарын қолпақтап, шалыс басқан жері болса түзетін, дұрыс бағыт-бағдар берсе, бала әкесін қажет кезде арқа сүйер тіреуіші, панасы екенін ұғынады. Әке қадірін түсінетін, ақылы терең ана болса, балаларын үнемі әкелерін сыйлауға, құрметтеуге, қарсы сөз айтпауға үйретеді. Егер ата-ана арасында берек-бірлік болса, сол шаңырақтың түтіні де түзу шығып, бірлігі мен ынтымағы жарасқан жанұя болатыны сөзсіз. Осындай отбасында үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, парасаты мен пайымы жарасқан ұл-қыздар дүниеге келеді. Әке мейірімін сезініп өскен жеткіншек ұрпақтың болашағыда жарқын болмақ. Сондықтан аяулы да абзал әкелер балаларыңызға әрдайым көңіл бөлуге, мейірім шапағаттарыңызбен қамқорлықтарыңызды көрсетуге тырысыңыздар. Тек сонда ғана елімізде шаңырағы биік,



*босағасы берік отбасылар саны толысар еді. Себебі ана мен бала
әрдайым абзал әкелері мен асыл жарларынан айрықша
қамқорлықты, ерекше ілтипат сезімін күтеді.*

Ата тәрбиесі



Қазақ – қариясын құрметтеген халық. «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» дегендей, ата болған кісілерді «ақсақал» деп құрметтеп, төрден орын берген, олардың батасын алмай ешбір іс бастамаған. Ал бүгінде осы үрдістердің барлығы біртіндеп өзгеріске ұшырап барады.


Ата – елдің, отбасының ақылышысы, батагөйі әрі қамқоршысы болса, ақжаулықты «әжелеріміз» отбасы мен ағайын-туыс, ел-жұрттың амандығын, тілеуін тілеп, халықтық салт-дәстүрімізді ұлдары мен қыздарына ұғындырып, үлгі-өнеге көрсететін жандар. Тіпті, халықтық дәстүр бойынша ақсақал қариясы бар ауылға келген қонақтар алдымен сәлем беріп, баталарын алуды азаматтық борыш деп санаған. Ал ұлдары мен келіндері, немерелері мен шөберелері құрмет жасап, айтқаны мен өтінішін сөзсіз орындауы шарт, өйткені, бұл ұрпақтарға парыз, міндет.

Ана тәрбиесі.


Отбасы- болашақтың тірегі. Содан біздің ертеңгі ел басқарар азаматтарымыз шығады емес пе. Бала шырылдап дүниеге келгеннен бастап сол ұяда не көрсе соны іске асырады. Ата – ана баласын жаман болсын деп тәрбиелемейді. Отбасы қандай жолды таңдауына

дұрыс бағыт берсе, сол жол өміріне мол азық берер.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей бала әкесі мен анасының іс әрекетін қайталайды.



Сөйлеген сөзі де үлгі болар, айтқан ақылы азық болар ата-әжелердің тәрбиесі ерекше зой. Ананың әлдиі арқылы бойына дарыған асыл қасиеттерін өскенде басқаға айырбастап кететіндер де баршылық. Ондайдан аулақ әрине. Бірақ сол жолды таңдаса ешкімде тіпті ата-анасы да тосқауыл бола алмайды. Сонда оған кінәлі кім? Бұл сұраққа жауапты ешкім таба алмас. Сенің балаң жақсы десе әке, шешең қуанар, балаң жаман десе мұңаяр. Бірақ біз өзіміз таңдаған жолға түсеміз дейді түсінігі аздар.



Отбасында дастархан басында балаға жан-жақты тәрбие берілсе санасы барлар ұғар, санасы жоқтар қалар. Оларда ата-ана болар, сонда бәрі тым кеш болғанын біледі. Ата-ананың қадірін, балалы болғанда білерсің демейме.

Тәрбие саналы берілсе бала ешқайда қашпайды. Мынау кімнің баласы десе ұялмай айтатындай ұл өсір. келін болып ақ босағаны аттап түскенде мынау қандай анадан тәрбие алған десе көзіне шұқитындай қылығы аз қыз өсір.

Тәрбиені отбасынан бастап дұрыс берсек болашағымызға қорықпай аяқ басайық. Балаңда алда отбасы боларын сезінсін. Өмір сүрсең адамша өмірсүрейік. Өзімізде ұялмайық, өзгені де ұялтпайық.


Балабақша – тәрбие бастауы

Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген ұрпақ, ендеше жақсы тәрбие ең алдымен балабақшада басталады емес пе? Әр үйдің кішкентай бөбектері мектепке дейін ата-анасының тәрбиесімен қатар өнер-білімге баулитын балабақшада өсіп, тәрбиеленетіні анық. Бүлдіршіндер үшін балабақшадағы тәрбие ата-ана берген тәлім-тәрбиені жалғастырып, жандандыратыны сөзсіз. Біз қанша дамып басқа өмір саласындағы жетістіктерге жетсек те, бала тәрбиесі бір сәтте назардан тыс қалмауы тиіс. Бала жас тал болса, ал ересектер оған бағбан болуы ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан іс. Сәби жанын небір жақсылық нәрімен суару – оны өсіруші, тәрбиелеуші тәрбиешінің міндеті. Бүлдіршіндердің сезімдері өте нәзік, әсершіл келеді. Оларға айтқан, көрсеткен нәрселердің бәрі – шындық, сұлу, әсем, жарасымды болуы керек. Тәрбие – қалып тәрізді, егер қалып қисық, олпы-солпы болса, сол қалыпқа салынған зат та оңды болмайды. Бала тәрбиесі де дәл сол сияқты. Сондықтанда бала бойына жас кезінен бастап рухани құндылықтар, мейірімділік, инабаттылық, сұлулық, жақсылық, еркіндік сияқты қасиеттерді қалыптастыру – тәрбиешінің міндеті. Сонда ғана бала бой көтеріп, бәйтерекке айналады.

Бала тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең маңызды міндет. Біздің қызметіміз де, өміріміз де бала өмірімен өте тығыз байланысты. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарын білімді, жан-жақты дамыған, дені сау, рухани бай, жерін, ата-анасын құрметтейтін саналы азамат болып өсуіне бойымыздағы бар асыл қасиеттерімізді, білімімізді аямайық!

XXI ғасыр қазіргі заман тәрбиесі

XXI ғасыр – жаңалықтар мен технологиясы дамыған жаһандану процесіне ұласты. Әсіресе, бұл бүлдіршіндеріміздің әрқайсысының қолына бір-бір «айпад» немесе «планшет» деген құралды ұстатып, сол арқылы ғаламтордан кез келген мәліметті алатын болды. Сонымен қатар, кез келген мультфильмді тамашалайды. Жасыратын несі бар, олар сол көгілдір экранның арғы жағындағы вертуалды әлеммен өмір сүріп жатыр. Роботтар арасындағы бітпейтін «жаһандық» соғыстың қимыл-әрекеттерін қызықтайды. Иә, түрлі-түсті сиқырлы анимацияның жемісіне дауым жоқ. Тек кейіпкерлердің бойындағы сезімдер мен қылықтардың адамгершілік құндылықтарынан алшақтығы ойлантады. Оның ешқандай тәлім-тәрбиелік маңызының жоқтығы, жақсылық пен мейірімділіктің шуағы сезілмейтіндігі қинайды. Қазіргі таңда әженің тәрбиесін көріп, сол үлгімен өсіп келе жатқан балапандар жоқтың қасы. Өйткені, барлығымыз күнкөріс тіршіліктің соңына түсіп алған кейпіміз бар. Мультфильмге сіңірілген басты идеология жаппай қырып-жою, адамдар арасындағы теңсіздік пен үстемдік, байлықтың соңына түсу, ойдан «өзгеше бір әлем» жасап шығару. Соны көрген сәбидің санасы ерте бастан-ақ уланып, ақ пен қараның шегін ажырата алмай, отбасылық тәрбиеден ажырап, қоғамдағы шынайылықтан аулақ қала ма деген қауіп бар. Осыдан келіп, ойға қалам. Кеш болса да ата-бабамыздан қалыптасқан ұлттық салт-дәстүріміз бен менталитетімізге сәйкес рухани құндылықтарды еске түсіріп, балаларымызға үйрете бастасақ ұтылмас едік. «Адамға ең бірінші



білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», деп ғұлама ғалым бабамыз Әбу Насыр Әл – Фараби айтқандай, ертең осы елге ие болып, тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі кішкентай бүлдіршіндеріміз ғой. Сол балапандарға тәрбие беру біздің басты мақсатымыз. Ал тәрбие отбасынан бастау алады. Сол бастаудың бір құралы – ертегі. Себебі, ертегідегі таңғажайып оқиғалар мен керемет сиқырға толы кейіпкерлер бала санасына әдемілік пен жақсылықты, қарапайымдылық пен инабаттылықты, еліне деген сүйіспеншілікті, үлкенге құрметті, кішіге ізетті ұялатады. Бала кезімде әже тәрбиесін көрмедім, бірақ ұстаз-анамның уысынан талай ертегілер естігенмін. Өзімде, балаларымды ертегі кейіпкерлерінің өнегесімен таныстырып, тәрбие берудемін. Бұл үлгіні тек отбасымда ғана емес, ұстаздық жұмысымда да жиі қолданамын. Себебі, қанында қазақы қалып бар бала бойына халықтық құндылық тез қонады, ойында өмір бойы сақталады. Сондықтан, барлық ата-ана қауымына айтарым, батыр Бауыржан Момышұлы айтқандай, бесік тербететін әжеселеріміздің үлгісін, яғни бүлдіршіндерімізді тәрбиелеудің бір құралы ретінде ертегі әлеміндегі кейіпкерлермен таныстырсақ екен. Заманға қарай тәрбиелеп, білім берумен бірге, ұл-қыздарымызды қазақтың озық салт-санасына бейімдеуді естен шығармасақ есті ұрпақ қалыптастырамыз хақ.

Ертегі-тәрбие көзі.

*Бүгінде бала
жсетектеген ата,
немересіне ертегі
айтып отырған
әже кезіктірсек,
таңырқамай,
сүйсінбей өте
алмаймыз. Себебі,
бұл көрініс көз
алдымызда таңсық
болып барады.
Алайда, замана*



*көшінен қалмай, рухани жаңғырамыз десек, ұлттық дәстүрлерді
жаңарта түсуіміз қажет-ақ.*

*Бүгінгі ұрпақ бесік жырын естімей өсіп келеді. «Әлди, әлди» әнімен
балбырап ұйқыға кететін сәби санасына ұлттық ұғымның сіңуі де
осы кезден басталады. Бесік жырымен қоса, ертегі айтатын ақ
жаулықты кейуана азайды. Ұлттық сана, ұлттық тәрбие бесік
жыры мен ертегіден басталады. Сондықтан да баланы құрсақта
жатқан кезінде-ақ әнмен тәрбиелеу қажет екен. Өкініштісі,
ежелден келе жатқан осы ұлттық үрдістің тіні үзіліп бара
жатқандай. Осындай сәтте Бауыржан Момышұлы айтқан
ұлағатты сөз еске түседі. «Бірінші, балаларын бесікке бөлемеген,
бесігі жоқ елден қорқамын. Екінші, немерелеріне ертегі айтып
беретін әжеселердің азаюынан қорқамын. Үшінші, дәстүрді
сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе,*



кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ» деген екен. Осы сөздің мән-мағынасын түсінсек, баланың тәрбиесіне тек ата-ана емес, сонымен қатар ата-әжелер де атсалысуы қажет. Олардың бала тәрбиелеудегі рөлі ерекше десек артық болмас. «Өз балаңды өскенше, немереңді өлгенше», «Балам балдан тәтті, немере одан да тәтті» деп халық даналығы айтқандай, қазыналы қарттарымыз үшін немеренің орны бөлек. Адам бойындағы асыл қасиеттер отбасында қалыптасады. Ал, ұлттық тәрбие, нағыз қазақы тәлім-тәрбиенің өзегі әжелер мектебінен бастау алады. Біздің қазақ ұлтында отбасында ерекше рөлге ие жан – әже. Ол тәрбиелеген бала әдепті болып өседі. Бүгінгі бала санасына лайық элементтерге ие ертегілер көбейсе, жас буынның көкірегі ояу, танымы кең болып өсер еді, – деген ойын жеткізді.

Ертегі – бала тілін жаттықтырады. Оның кейіпкерлері, олардың басынан өтетін оқиғалары арқылы күнделікті нәрселерді талдай білуді және әлемді түсінуді үйренеді.

Адам ұрпағымен ұлы, еңбегімен ерен, келешегімен кемел. Оның мөлдір бастауы, алтын тамыры – тәлім-тәрбие ісінде жатыр. Балаларға ертегі оқудың маңызды екенін ұмытпаңыз. Бұл екеуара қарым-қатынасты дамытып, бір-біріңізге деген сенім мен махаббатты нығайтады. Ұйықтар алдында ертегі айтып беру дәстүрі сәби үшін де, өзіңіз үшін де пайдалы.